ҰЛТ СӨЗ ЗЕРГЕРЛЕРІ ҰШҚАН ҰЯ

әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті мен
журналистика факультетінің
80 жылдық
мерейтойына арналады

Ақылдастар алқасы:
Ғ.М. Мұтанов
М.М. Бүркітбаев
Т.С. Рамазанов
Д.Ж. Ахмед-Заки
Ш.Е. Жаманбалаева
М.Ә. Бектемесов
Ә. Ы.Ыдырысов
А.-Х. Мархабаев
С.Қ. Қозыбаев

Редакциялық алқа:
Ө.Ә. Әбдиманұлы
К.Қамзин
Л.С. Ахметова
Ш.Ы.Нұрғожина
С.Х. Барлыбаева
С. М. Медеубек
Г.С. Сұлтанбаева
Н.Т. Шыңғысова

Жалпы редакциясын басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор
Өмірхан Әбдиманұлы

әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
мен журналистика факультетінің
80 жылдық мерейтойына
арналады

Кітап Баспа ісі және дизайн кафедрасы жанындағы «Құзыретті баспагер» ғылыми-зерттеу орталығында дайындалды

Ұлт сөз зергерлері ұшқан ұя / Құрастырушы
С. Медеубекұлы, – Алматы:
«Қазақ университеті», 2014. - 222 бет.

ISBN

Қазақстанда алғаш институт, кейін бөлім, одан кейін жеке факультет болып құрылған журналистер даярлайтын оқу орнының құрылғанына 80 жыл толу мерейтойына арналған бұл кітапта мұрағаттық деректер мен фотоайғақтар, осы жылдарда бітірген түлектердің тізімі ұсынылды. Ел тарихында елеулі орны бар тұлғалардың өмірбаяны, олармен сұхбат, сырашар, естелік, сонымен бірге әр кезде айтылған студенттік әзіл-қалжыңдар, қанатты сөздер де берілді.

Кітап журналистерге, әдебиетшілерге, тарихшыларға жалпы университет пен факультет тарихына қызығушы оқырмандарға арналады.

Құрастырған
Сағатбек Медеубекұлы

Безендірген
Қойшыбек Мұбарак

© әл-Фараби атынағы
Қазақ ұлттық университеті 2014

“Жазу өнеріне ұзақ уақыт ыждахатты жаттығу нәтижесінде адам бұл өнерді жетік меңгереді. Сөйтіп, ол осымен неғұрлым ұзақ айналысса, бұл өнерге соғұрлым жақсы машықтанып, жетіле түспек...”

ӘБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

“Өнер алды – қызыл тіл...”

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

“Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі... Екінші, газета жұрттың әулет басына қызмет ететін нәрсе... Үшінші, газета – халыққа білім таратушы... Төртінші, газета халықтың даушысы...”

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

“Газет – ғұмыр айнасы, газетті оқып жұрт өзін-өзі көреді”.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

“Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті...”

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ

ЖУРНАЛИСТ...

Ол – қай заман, қай қоғамда өмір сүрсе де елдің сөзін сөйлеуге, биліктің бетін түзеуге жаралған жанкешті жан...

Сондықтан да Оны халық қадірлейді,...

Ол – шындық үшін шырғалаңға түссе де ақиқат үшін ақтық демі қалғанша айқасатын құдіретті сөз өнерінің иесі. Сол себептен де Оны әділет сүйер кез-келген адам ардақтайды....

Ол – қан майданның ортасында жүрсе де, қаламын, камерасын, фотоаппаратты қолынан тастамай, хақ жолында қасарыса қызмет ете беретін қайыспас қайсар тұлға... Сол үшін де ел Оны жауынгер журналист деп басына көтере бағалайды.

Ол – ғасырлар қойнауында қалып қойған халық қазынасын жердің түбінде жатса да қажымай-талмай іздейтін, қанша қиындық көрсе де мойымай табатын да бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың игілігі үшін жалпы жұртқа жария қылатын жаһангер...

Сол қызметі үшін де Оны тарих та, халық та ұмытпайды...

БАСПАГЕР...

Адамзаттың ақыл-ойының тот баспас асыл қоймасы саналатын кітап деп аталатын киелі мұраны ұрпақтан ұрпаққа сабақтастыратын білікті де білімді маман кім десеңіз, әрине ол - баспагер;

Халқына қажетті сөзді жеткіземін деген адамның арманын кітап, газет, журнал арқылы жүзеге асырушы кім десеңіз, ол – баспагер;

Кішкентай ғана танысқыдан(визиткадан) бастап, есік пен төрдей жарнамал- тақталардың заманауи талаптар мен талғамдарға сай безендірілген нұсқаларын әзірлеп халық пайдасына ұсынатын кім десеңіз, ол да- баспагер;

Бааспагер- әлемдегі ең бай адам. Өйткені, ол - затындық игілікке де, рухани құндылыққа да кенелуге мүмкіндігі зор кәсіп иесі .

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС МАМАНЫ...

«Қоғаммен байланысшы» ма, әлде «жұртшылықпен байланысшы» ма, әлде «бұқарамен байланысшы» ма? Жоқ, әлде қоғам мен адам арасына дәнекер ме? Атауы ұлт тілінде әлі толық орнығып болмаған мамандық бізге енді-енді сіңісті бола бастады. Мемлекеттік мүдде, ұлттық мұрат, адамзаттық мақсаттар ды жүзеге асыруда адам мен адамның, адам мен мекеменің, мекеме мен мекеменің арасын байланыстырушы маман ретінде бағалы да аса зәру мамандық.

Ұжымды басқарғандар

МОЛДАҒАЛИ ЖОЛДЫБАЕВ (1887-1938)

РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің баспасөз органы "Еңбекші қазақ" газетінде 1920 жылдың ортасына таман жауапты редактор қызметін атқарды. 1934 жылы Қазақ Комунистік Журналистика Институтының ректоры болып тағайындалды да, алты ай ғана басқарды.

ҮМІТБАЙ БАЛҚАШЕВ (1898-1979)

1934 жылы М.Жолдыбаев кеткен соң КазКИЖ-ді 1937 жылға дейін басқарып, басқа қызметке ауысқаннан кейін, сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап орнына қайтадан келді. Ректорлық қызметін 1941 жылға дейін атқарды.

ФЕДОР ЖЕРЕБЯТЬЕВ (1904-1988)

Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор. 1934-1941 жылдары Қазақ Коммунистік Журналистика институты ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 1941-1942 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің деканы болды.

ГАВРИИЛ ОКУЛОВ (1888-19...)

1941 жылы тамыз айынан бастап журналистика факультетінде Кеңес баспасөзінің теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі қызметін 1948 жылдың 6 тамызына дейін атқарды. 1942-43 жылдары факультет деканы болды.

ҚАЙЫРЖАН БЕКХОЖИН (1910-1980)

1942 жылы филология факультетінің журналистика бөлімін бітірді. Сол жылы 1 сәуірден 1945 жылдың 1 мамырына дейін Қостанай облысының "Большевиктік жол" газетінде редактор қызметін атқарды. 1945-1947 жылы журналистика факультетінің деканы болды. Өмірінің соңына дейін осында дәріс оқыды.

ТАУМАН АМАНДОСОВ (1921-1991)

1950 жылы филология факультетінің журналистика бөлімін үздік бітірді. 1952-1955 жылдары университеттің сырттай оқыту саласының проректоры, 1956- 1961 жылдары филология факультетінің деканы, 1961-1971 журналистика факультетінің деканы қызметін атқарды. Өмірінің соңына дейін журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының меңгерушісі болды.

МИХАИЛ ДМИТРОВСКИЙ (1922-2005)

1951 жылы филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген соң әртүрлі газеттерінде тілші, басшылық қызметтерде болды. 1959 жылы журналистика факультетіне ұстаздық жұмысқа келді. 1971-1977 жылдары аралығында журналистика факультетін басқарды.

ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ (1926-2003)

1953 жылы филология факультетінің журналистика бөлімін үздік бітірген соң, осында ұстаздық қызметке қалдырылды. Өмірінің соңына дейін осы факультетте оқытушылық, профессорлық қызметін атқарды. 1979 жылдан 1986 жылға дейін факультетте декан болды.

ВЛАДИМИР КОЗЬМЕНКО (1941 ж.т)

1967 жылы журналистика факультетін бітірген. 1986-1990 жылдары аралығында факультеттің деканы қызметін атқарды.

МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ (1937-2000)

1959 жылы журналистика факультетін үздік бітірді. 1973-1997 жылдары телерадио журналистикасы кафедрасының меңгерушісі, сырттай оқыту бөлімінде декан болды. 1989-90 жылдары факультеттің деканы қызметін атқарды.

САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ (1944 ж.т)

1974 жылы журналистика факультетінде ұстаздық қызметі басталды. 1974 жылы аға оқытушы, 1978 жылы доцент, 1989 жылы профессор, 1985 жылы деканның орынбасары, 1990-1993 жылдары факультеттің деканы қызметін атқарды.

ЮРИЙ КРИКУНОВ (1933-1995)

1956 жылы журналистика факультетін бітіргеннен кейін, 1959 жылға дейін Шымкент облыстық "Правда Южного Казахстана" газетінде, одан соң "Народные хозяйства Казахстана" журналында қызмет істеді. Одан кейінгі жылдары өмірінің соңына дейін журналистика факультетінде ұстаздық етті. 1993-1999 жылдар арлығында факультет деканы болды.

НАМАЗАЛЫ ОМАШЕВ (1950 ж.т.)

1974 жылы журналистика факультетін бітірді. 1974-77 жылдары Қазақ радиосының редакторы, одан кейінгі жылдары журналистика факультетінде ұстаздық етті. 1994 жылдан 2001 жылға дейін факультет деканы, 2001-2009 жылдары университеттің тіл және тәрбие ісі жөніндегі проректоры болды.

БАУЫРЖАН ЖАҚЫП (1963 ж.т.)

1985 жылы журналистика факультетін бітірді. 1986 жылдан бері факультетте дәріс оқиды. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор. 2001-2008 жж. факультеттің деканы болды.

ҒАЛИЯ ЫБЫРАЕВА (1952 ж.т)

1974 жылы журналистика факультетін бітірген. Саясаттану ғылымының докторы, профессор 2008-2010 жж. факультет деканы болды.

АЛАУХАНОВ ЕСБЕРГЕН (1958 ж.т)

1987 жылы Ташкент мемлекеттік университетін бітірген. Саратов Жоғары милиция мектебін 1991 жылы бітірген. Заң ғылымының докторы, профессор. 2010-2012 жж. журналистика факультетінің деканы болды.

ӨМІРХАН ӘБДИМАНҰЛЫ – (1953 ж.т.)

1976 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түскен. 1979 ж. М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне ауысып, 1982 ж. бітірген. Филология ғылымдарының докторы, профессор. 2012 ж. бері факультет деканы.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ
(1872-1937)

Ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркі-танушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері

Туған жері - бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Аққөл ауылы).

1882-84 жж. ауыл мектебінде оқыды.

1890 ж. Торғайдағы екі кластық, орыс-қазақ училищесін;

1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген.

1895-1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде мұғалім.

1909 ж. Семей түрмесіне жабылып, 1910 ж. жер аударылды;

1913- 1917жж. Орынборда «Қазақ» газетінің редакторы болды.

1918-19 жж. Алашорда қатарында.

1919 ж. Қазақ Әскери-революциялық комитетіне мүше;

1922-25 жж. Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-нің мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-нің органы «Ақ жол» газетінде қызметкер.

1925-29 ж. Қазақ халық ағарту институтында (Ташкент) және ҚазПИ-де оқытушы болды. 1929 ж. Архангельск облысына жер аударылған;

1937 ж., желтоқсанның 8 «халық жауы» есебінде атылған.

“Құрметті оқушылар!

.... Халыққа газетаның қандай екенін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас.

Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай крек болса, халыққа газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүгін дүние жүзіндегі халықтар телеграмм, телефон, пошталардың ортасында, бір-бірімен хабарласып, газета арқылы жұртқа қарап, бір үйдегі адамдай сөйлесіп отыр; дүниеде болып жатқан істер, айтылып жатқан сөздер – кімге пайдалы, зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газета - жұрттың әулет басына қызмет ететін нәрсе. Олай болатын мәнісі: жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп – жол көрсетіп, жөн сілтеп басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газета- халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейні өсіп, пікірі ашылып, іс те жеттікпекші.

Төртінші, газета - халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады.

Халыққа газетаның осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетаны киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсені санайды. Газетаның пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газета, журналдары көп. ...

Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет ететін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, өмір қысқа, қолдан келгенін өмір жеткенінше істеп келелік...”

“Қазақ”, 1913. №1. 2-ақпан

“Құрметті оқушылар!

... Алдарыңызға үшбу журналымды саламын, кішкене екен деп қоңыраймаңыздар!

Газет һәм журнал халық үшін екендігіне шек айту жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі – халық арасында таралған газет-журнал һәм кітаптардан білінеді. Заман - ғылым заманы болған соң әрбір жұрт қатарынан кейін қалмас үшін ақша аямай кітап-газет, һәм журнал бастырып халыққа таратудың әждәһәтінда. Соңғы замандарда біздің қазақ жұртында аз-мәз тіршілік көрсетіп, газет шығара беруді қолға алып қараса да не себепті іске ұқсатып шығара алмайды. 1907 жылы II Мемлекеттік думаның жиынымен Шәһмәрден Қошығұлов «Серке» есімді журнал шығара бастап еді. Ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды. Сол жылы Троицкіде Есмағамбет Айманбаев «Киргизская газета» есімді орысша-қазақша бір газет шығармақ болып, алғашқы нөмірді шығарды да тоқтатты. Келер жылы Орынборда Ысмағұл Иманшалов бас болып, елдің бірқатар жақсыларының басын қосып, газет шығару хақында кеңесіп еді. Баяғы қазақтың ынтымақсыздығы себеп болып, бұл да ыдырап кетті.

Мен тағы талап етіп, осы кішкене журналды шығармақ үшін халқыма жармастым. Жұртқа атақ шығарып, білім сату үшін емес, бәлкі дәулет иесі ағалар мұны көрген соң ойға қалмас па екен деген ниетпен. Қолда пұл жоқ. Жұрт болып, жұртшылық етіп, бұл журналға көбірек қыридарлық етпесе, әлбетте, бұл журнал да қазақтың дүниеге шығара алмаған ісінің бесіншісі болар да қалар. Қазіргі үміт халықта...

Журналға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де болар, түсінбеген де табылар.

Біздің қазақтың «Әй, қап» демейтұғын қай ісі бар?! Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай» дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтау үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. “Қап! ынтымақсыздығымыз-ай” дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға, «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай!» дедік. Осындай біздің қазақтың неше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. “Қап” дегізген, қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайық «Айқап» болды...”

Басқарушы, бастырушы М.Сералин

1912 г. Октябрь 25

آی قاپ

№ 18

عید قربان مبارك بولسون!

Барша ислам тум астындағы мусылман, туысқандарға, қарбан айт мүбарак болсын!
„Айқаптың 1913 жылғы 18 санында.

СЕРАЛИН МҰХАМЕДЖАН
(1872-1929)

Жазушы, ақын, публицист, журналист.

Қостанай облысы Қарабалық ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген.

Троицкідегі медреседе оқып, Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген.

1911-1915 жылдары Троицкіде «Айқап» журналын шығарды.

1919-1920 жылдары - «Ұшқын» газетінің қызметкері.

1921-1922 жылдары - Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы.

1922-1923 жылдары - Қостанай губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары.

1923-1926 жылдары - «Ауыл» газетінің редакторы қызметтерін атқарған.

1900 жылы «Топжарған» поэмасы жарияланды;

1909 жылы «Гүлқашима» поэмасы жарық көрген;

Фердоуси «Шаһнамасының» «Рүстем - Зораб» бөлімін В.Жуковский нұсқасынан, сондай-ақ А.Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударған.

АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗДАР

АСФЕНДИЯРОВ САНЖАР (1889-1938 жж.)

Мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. 1928-31 жылдары Абай атындағы педагогикалық институтының алғашқы ректоры.

1931-33 жылы Алматы медицина институтын ұйымдастырушы.

1934-1938 жылдары Қазақ Коммунистік Журналистика Институтында Қазақстан тарихының күрделі мәселелерінен дәріс оқыды.

СЕЙФУЛЛИН СӘКЕН (1894-1938 жж.)

Ақын, жазушы, драматург, публицист, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері. «Тіршілік» (1917), «Еңбекші қайраткер» (1922) газеттерінде, «Жыл құсы» альманағы (1927), «Жаңа әдебиет» (1928), «Әдебиет майданы» (1932) журналына редактор болған. 1934-1938 жылдары Қазақ коммунистік журналистика институтының профессоры болды.

ЖҰБАНОВ ҚҰДАЙБЕРГЕН (1899-1938 жж.)

Тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры (1947),

1932-1937 жылдары Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ коммунистік журналистика институтында қазақ тілінен дәріс оқыды.

МҰҚАНОВ СӘБИТ (1900-1973)

1926-1928 жылдары баспасөз орындарында қызмет атқарды. «Еңбекші қазақ» газетінің бөлім бастығы, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы болған. 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы қызметін атқарған. 1934-1936 жылдары Қазақ Коммунистік журналистика институтында қазақ фольклорынан дәріс оқыды.

САРЫБАЕВ ШАМҒАЛИ (1893-1958 ж.ж.)

Ғалым, қазақ тілі әдіснамасының негізін салушылардың бірі. Педагогика ғылымдарының кандидаты (1943), доцент (1947). 1923-1954 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінде; Қазақстан журналистика институтында, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқыды.

СИЛЬЧЕНКО МИТРОФАН (1898-1970)

Ғалым, әдебиеттанушы, Қазақстандағы орыс мектептеріне арналған Қазақ әдебиеті (IX-X сыныптар) пәнінің тұңғыш оқулығын жазған. Филология ғылымының докторы (1957), профессор(1958). 1934-1938 жылдары Қазақ Коммунистік журналистика институтында
әдебиет теориясынан дәріс оқыды.

АМАНЖОЛОВ СӘРСЕН (1903-1958 ж.ж)

Ғалым, филология ғылымының докторы (1948), профессор (1948), Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі.

1934-1938 жылы Қазақстан ұлт мәдениетін зерттеу институтының директоры, ғалым хатшысы бола жүріп, Қазақ Коммунистік Журналистика институтында қазақ тілінен дәріс оқыды.

ШАЛАБАЕВ БЕЛГІБАЙ (1911-1990 ж.ж)

Жазушы, аудармашы, педагог, ғалым. “Қазақ прозасының тарихы”, “Сюжет және характер” (1968), “Қазақ романының тарихы” (1977) атты монографиялардың авторы. Қазақ Коммунистік журналистика институтының қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болған. Өмірінің соңына дейін журналистика факультетінде дәріс оқыды.

МҰСАҚҰЛОВ ТӘЛІП (1909-1987 ж.ж)

Ғалым, биология ғылымының кандидаты (1958) қазақ тілінде “Ботаника” оқулығын алғаш жазған. 1934-1936 ж.ж. ҚазКЖИ-де жаратылыстану пәнінен сабақ берді. Биология терминдерін бір жүйеге келтіріп, оларды қазақ тілінде қолдану әдістерін жеткізуге үлес қосты.

БАЛАҚАЕВ МӘУЛЕН (1907-1995ж.ж)

Ғалым, филология ғылымының докторы (1951), профессор (1952), Қазақстан ҒА-ның мүшесі, корреспондент (1958), Қазақстанға еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1963), 1937-1941 жылдары Қазақ Коммунистік Журналистика институтында кафедра меңгерушісі болды. Қазіргі қазақ тілі пәнінен дәріс оқыды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қабылдауында

Ғалымқайыр МҰТАНОВ

ректор, техника ғылымдарының докторы, академик

АҚЫЛДЫ УНИВЕРСИТЕТ – ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАШЫҚ

Еліміздің тұңғыш университеті әл-Фараби атындағы білім ордасының құрылғанына 80 жыл толды. Осы кезеңде ҚазҰУ Қазақстан экономика-сының, мәдениетінің, ғылымы мен білім саласының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосып, Отанымыздың барлық жоғары мектеп жүйесінің тірегіне, барлық ортаазиялық аймақ бойынша кадрлардың ірі ұстаханасына айналды. Жоғары білім сапасы, халықаралық танымалдылық, ғылыми және зерттеу қызметтерінің, инновацияның белсенділігі, мықты оқытушы-профессорлар құрамы және талантты түлектер – бүгінде, ҚазҰУ-дың мақтанышына айналды.

ҚазҰУ-дың заманауи даму кезеңі Елбасының Қазақстанды 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарымен, «Қазақстан-2050» Стратегиясында қойған жаңа міндеттермен тығыз байланысты. 2011 жылы университеттің кешенді құрылымдық модернизациясы жасалып, кластерлік әдіс негізінде факультеттер дамып, кафедралар ірілендірілді. Нәтижеге негізделген басқару жүйесі белсенді қолға алынып келеді, ғылым мен инновацияның дамуына, материалдық және ғылыми-зертханалық негіздерге, білім беруге қажет жағдай жасалуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары халықаралық стандарттарға және әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының оқу-білім бағдарламаларына сай негізделген эксперименталді білім беру бағдарламаларын жасау базасына айналды. Маман даярлау үдерісі пәнаралық оқыту білікті тәсілдеме негізінде құрылды. Әлемдік білім беру жүйесінде қабылданған талаптарға жақындай түсу біздің білім беру бағдарламаларымызға AQUIN және ASIN жетекші шетелдік агенттіктерден халықаралық ак-

ҚР Индустрия және жаңа технология министрі А.О. Исекешев пен Алматы қаласының әкімі А.С. Есімовпен бірге

ҚР Білім және ғылым министрі Сәрінжіпов А.Б. университеттің технопаркінде.

кредиттеу алуға мүмкіндік берді. Халықаралық деңгейде мойындалуымыздың бір көрінісі ол қосдипломдық білім беру бағдарламасының іске асуы болды. Бүгінде ҚазҰУ дипломы бірнеше мамандықтар бойынша әлемдегі беделді университеттер деңгейіне жетті. Мысалы, Лотарингия университеті, Страсбург менеджмент мектебі, Валенсия политехникалық, Ланьчжоу және т.б. шетелдік университеттер. Жыл сайын халықаралық жүйедегі жоғары оқу орындары – Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы университетіне магистратураға қабылдау жүргізіледі. Студенттердің академиялық ұтқырлығы белсенді дамып келеді. Соның аясында әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында тек магистранттар мен докторанттар ғана емес, бакалавриаттағы студенттер де барып білім ала алады. Соңғы үш жыл ішінде шетелдік ЖОО-ларда университетіміздің 3,5 мың студенттері оқу тағылымдамасынан өтті.

Іргелі де ірі оқу орны әлемдегі заманауи зерттеу университеттері сияқты Вильгельм фон Гумбольдттың: «Оқыта – зертте, зерттей – оқыт» басты қағидасына сүйенеді. Мұнда еліміздегі өзге университеттерде әлі орнына қоймаған бірегей ғылыми-технологиялық инфрақұрылым жұмыс істейді. Мықты ғылыми-технологиялық парк құрылды. Онда көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобасын жасайтын 30 шақты ғылыми-зерттеу институты мен орталық бар. Еуропалық одақ жоғары рангы сарапшылары бағалауынша, ҚазҰУ ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуеті Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында теңдессіз көшбасшы делінеді. Соңғы екі жылда ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және құрастырмалы-тәжірибе дайындау, өңдеуді қаржыландыру көлемі 3,8 есеге өсіп, бүгінде 4,5 млрд. теңгені құрайды. Біздің ғалымдарымыздың дәйектеме-лік индексі еуропалық көрсеткіштерге шықты. Оған 20-дан жоғары импакт-фактор қазір қалыпты жағдайға айналды. Университетіміздің халықаралық ғылыми мүмкіндігінің мойындалуының бір белгісі әлемге танымал «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica minolta», «Microsoft» компанияларының оқу-ғылыми орталықтары мен зертханалары-ның бізде ашылуы дер едім.

Оқу-зерттеу және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары-ның үйлесімділік жүйесі негізінде жасалуы бітіруші түлектердің, магистранттар жұмысының тақырып аясын кеңейтуге мүмкіндік берді. Ғылыми жұмыспен айналысатын-дардың белсенділігін арттыруға студенттерді ғылыми жұмыстарға ынталандыруға бөлінетін гранттық қаржы сомасы 10%-ды құрайды. Мұның бәрі ертең студент диплом алып шыққанда жұмыс

Иордания, Ирак, Ливан, Палестина елдеріндегі Қазақстанның төтенше және өкілетті елшісі Болат Сергазыұлы Сәрсенбаевпен бірге

Лотарингия Унниверситетінің ректоры Пьер Мюдценарт біздің түлектерге тұңғыш қос диплом тапсырды

Әл-Фараби университеті ақылды қалашығы жобасының логотипі

Студенттікке қабылдау салтанаты

Қазақстан жазушылар одағы, "Қазақ әдебиеті" газеті, ҚазҰУ және журналистика факультетінің 80 жылдық мерейтойы алдында

іздеп жүрмей, кіші инновациялық кәсіпорын ашып, жұмыс берушіге айналуы үшін жасалуда. Сол үшін университетте студенттік бизнес-инкубатор қарқынды қызмет етіп келеді. ҚазҰУ студенттері алғаш рет «UNIFORM Project» халықаралық консорциумы аясында Токио университетімен бірге бірінші қазақстандық наноспутникті жасауды іске асыруға кірісті. Бұл жұмыс өзге де жобалармен бірге ЭКСПО-2017 көрмесінде ұсынылатын болады.

Соңғы екі жылда жаңа 270 жұмыс орны ашылды, университеттің 127 қызметкері мен оқытушылары «Аққент» тұрғын үй кешенінен жаңа пәтер кілттерін алды. Жыл сайын талантты студенттерді қолдауға 30 млн. теңгеден жоғары көлемде атаулы демеушілік шәкіртақы беріледі. Ұжымдық мәдениет кодексінің қабылданғанына орай, ұжымдағы адамгершілік-психологиялық ахуал көтерілді. Кураторлар институты даму үстінде, соның аясында студенттік топтарға оқытушылар педагогикалық тәлімгерлік жасайды. Бізде әлемнің үздік университеттерінде кең таралған әрі қолдау тапқан студенттермен клубтық жұмыс формасы да қолға алынып жатыр. ҚазҰУ үш маусым қатарынан еліміздегі жоғары оқу орындары арасында жазғы универсиадада жеңімпаз атанып, студенттік спортта ешкімге дес бермей келеді. Бірінші рет университеттің 11 студент-спортшы-жастары Лондондағы Олимпия ойындарына қатысса, олардың арасынан Светлана Подобедова ауыр атлетика бойынша Олимпиада чемпионы атағын жеңіп алды. Жоғары рухани-адамгершілік орта қалып-тастыруға «Айналаңды нұрландыр!», «Саламатты және мәдениетті дене», «100 кітап», «ҚазҰУ-Гринкампус» сияқты кең көлемді инновациялық әлеуметтік жобалар сеп-тігін тигізуде. Бұлардың барлығы студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының жаңа әлемдік көзқарасының мықты интеллектуалды тұғырнамасын дамытқан «өсу нүктесіне» айналды.

Университеттің қарқынды дамуын жаңа инфрақұрылыс нысандарының бой көтеруінен де байқауға болады. Орталық Азияда теңдесі жоқ жаңа әл-Фараби ғылыми кітапханасы ашылды. Жуық арада «Керемет» жастар ресурстық орталығының тұсауы кесіледі. Жаңа сапалық ұстаным негізінде мұнда «Бір терезе» қағидасымен студенттер барлық қажет қызмет түрлеріне қол жеткізе алады. Жаңа 500 орындық ыңғайлы жатақхана тұрғызылды. Магистранттар мен докторанттарға арналған жас ғалымдар үйінің, заманауи жүзу бассейнінің құрылысы басталды. Ағымдағы жылы әлемдік стандарттық сапаға сай қызмет көрсететін медициналық диагностикалық орталық қолдануға

Технопарк және Студенттерге қызмет көрсету орталығы гимаратт

беріледі. Әлемдік тәжірибе негізінде университетті дүниежүзілік деңгейге көтеретін инновациялық және биомедициналық екі ірі кластер жасалуда. Бұған мемлекеттік, жекеменшік серіктестік қағидасы нарықтық әдісін пайдаланып, инновациялық және биомедициналық кластер құруға Онтүстік Кореяның, Гонконг және Сингапурдың жетекші компаниялары тарапынан жарты миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылып жатыр.

«Алатау» инновациялық технологиясының үшінші даму кезеңін 2014 жылдан бастап ҚазҰУ базасында жүзеге асыру шешімі үлкен маңызға ие. Аталған инновациялық кластерді құрудың сапалы нәтижесінің негізінде ғалымдардың және ғылыми ұйымдардың тиянақты еңбектерін өндіріске енгізу, шағын кәсіпкерліктің инновациялық аймағын дамыту күтілуде. Жақында ЮНЕСКО шешімімен ортаазиялық аймақ бойынша тұрақты даму хабын ҚазҰУ базасында құру шешімінің қабылдануы университет қызметіне жаңа мүмкіндіктер береді. ЮНЕСКО-ның аймақтық хабы жобасын жүзеге асыру университетке Орталық Азия бойынша аталған бағытта көшбасшы атануға мүмкіндік береді.

Университеттің жаңа формациясын жасау мақсатында ҚазҰУ биыл «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасын іске қосты. Жаңа үлгіұлы ойшыл әл-Фарабидің ерекше қала ойларына негізделген. Ғұлама ғалым өзінің трактаттарында әділ және ізгілікті қоғамды көрсетуге тырысып, оны қайырымды қала деп атады. Оның маңызды белгілері әмбебап рухани құндылықтарды және ізгілікті өмірдегі әріптестік жетістіктерді сипаттайды. «Al-Farabi university smart city» жобасы технологиялық және рухани-адамгершілік тұжырымдардың біртұтастығы негізінде ғылыми, білім беру және әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа заманауи тәсілін ұсына отырып, университеттің жаңа ұрпақ дайындауына негіз болады. Smart-университеттер – бұл нәтижесінде Smart-Қазақстанды құратын біздің еліміздегі Smart-қалалардың негізі болмақ. Осы жылдың мамыр айында ҚазҰУ базасында Азия аймағы елдері университеттері ректорларының III форумы өтеді. Бұл университеттің халықаралық деңгейдегі беделінің, менеджмент тиімділігінің және дамудың стратегиялық курсының дұрыстылығының көрсеткіші болып табылады. Осы форумның, сондай-ақ, Жоғары білім беру бойынша еуразиялық форумның және басқа да мерейтойлық іс-шараларды өткізу университеттің үдемелі дамуының жаңа белесі, жаңа жетістіктерге жетудің мықты қозғаушы күші болмақ.

Руханияттың үш тоғысы салтанатына жиналғандар 2014 жыл

Айналаңды нұрландыр" жобасын жүзеге асырушылар

Ахмет Байтұрсыновтың мұражайында

Спартакиада жеңімпаздары

Ректор Ғ.Мұтанов факультетті марапаттады

Бірінші проректор М. Бүркітбаев конференцияда

Ғылыми-инновациялық жұмыстар жөніндегі проректор Т. Рамазанов ғылыми семинарда

Оқу жұмысы жөніндегі проректор Д.Ж. Ахмед-Заки жұмыс берушілермен кездесуде

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаева студенттерді марапаттауда

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

Журналистика факультетінің деканы,профессор, филология ғылымдарының докторы

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ҰСТАХАНАСЫ

Өзінің қалыптасу тарихын 1934 жылы ашылған ҚазКЖИ-ден бастайтын тұңғыш университетпен түйдей құрдас, 80 жыл көлемінде сан мыңдаған көсемсөзші қауымын қанаттандырып, қоғамдық өмірдің өріне алып шыққан журналистика факультетінің де ұлт мақтанышы университеттің толағай табыстарына қосқан үлесі қомақты.

ҚазҰУ-дің журналистика факультеті – республикадағы нағыз кәсіби журналистерді дайындап шығаратын білім-ғылым атты көш-керуеннің алдында жүрген оқу орны. Бүгінде басқа да жоғары оқу орындарында да журналист мамандар дайындалатыны рас. Бірақ, осы көптің арасынан ҚазҰУ журналистикасы шыңға біткен шынарша – оқшау тұр. Өйткені өзгелерден біздің факультеттің төрт басты айырмашылығы бар.

Біріншіден, басқа жоғары оқу орындарында журналист мамандарын дайындайтын өз алдына жеке факультет жоқ, журналистика өзге мамандықтармен біріктіріліп, немесе басқа мамандық факультетінің кафедра деңгейінде қалып қойған. Екіншіден, біздің факультет – жоғарыда атап өткендей, 80 жылдық тарихы бар, қазақ руханиятының сонау алаш арыстарынан бастап небір алыптары дәріс оқып, маман дайындаудың ғылыми-әдістемелік дәстүрі мен бай тәжірибесін қалыптастырған оқу орны. Үшіншіден, Қазақстандағы журналистер дайындаудағы материалдық-техникалық базасы бүгінгі күн талаптарына толығынан жауап беретін бірден-бір оқу орны біздің факультет деп нық

Экономикалық және өндірістік мәселелерді басқаратын проректор М.Ә. Бектемесов тұсаукесерде

сеніммен айтуға болады. Төртіншіден, Қазақстандағы журналистика саласындағы ғылыми-зерттеу мектебін қалыптастырған ҚазҰУ-дің журналистика факультеті.

Мұнда қазақ журналистикасы мен әлем журналистикасы тарихын зерттеудің кезінде профессор Қалижан Бекхожин негізін қалаған, бүгінде ҚР журналистика академиясының президенті, профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев жалғастырып, дамытып отырған ғылыми мектебі қалыптасқан.

Факультеттегі қазақ журналистикасының теориясы мен тәжірибесін зерттеу ісін жалғастырған Т.С. Амандосов мектебінің ғалымдар тобы бүгінде мемлекеттік іргелі және қолданбалы бағдарламалар аясында кешенді зерттеулер жүргізуде. Профессор А. Мархабаев, профессор К. Хамзин, профессор Л.С. Ахметова, профессор Ш.Ы.Нұрғожина., профессор Б. Жақып, доцент С. Медеубек т.б. осы өркенді мектептен өніп шыққан қабырғалы ғалымдар.

Т.Қ. Қожакеев мектебінің ғылыми жетістіктері қатарында сатира теориясы мен практикасы салаларына арналған зерттеулерінің қорытындыларында атап өтуге болады. Ал, журналистикаға байланысты зерттеу мектебінің нәтижелерін ары қарай дамытып алып келе жатқан профессор Г.С Сұлтанбаева, профессор Н.Т. Шыңғысова, доцент Р.С. Әбдиева, А.Ниязғұлова, доцент М. Негізбаева т.б. қазіргі қазақ көсемсөзін зерттеуге арналған еңбектері бүгінде рейтингісі жоғары басылымдарда жарияланууда.

Теле-радиожурналистиканы зерттеу іліми мектебінің негізін әлемдік деңгейдегі көрнекті ғалым, профессор М.Барманқұлов қалыптастырды. М. Барманқұлов – тек тележурналистика ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарының теориялық және практикалық мәселелері бойынша салыстырмалы зерттеудің негізін қалаған ғалым. Оның интернет журналистика туралы ой-пікірлері, халықаралық журналистика туралы мәнді толғамдары бүгінде өз өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Қазақ тележурналисти-касының болашағы зор деп болжап кеткен ғалымның осы және шетел журналистикасы жайлы кең өрісті зерттеулері шәкірттері профессорлар Ғ.Ж. Ыбраева,Ш.И. Нұрғожина, С.Х. Барлыбаева, доценттер Е.И. Дудинова, Қ. Мысаева, Ә. Әлжанова т.б. еңбектерінен жалғасын табуда. Аталмыш ғалымдар қазіргі күнде қазақ журналистикалық ілімінің әлемдік деңгейге көтерілуіне елеулі үлес қосуда.

М. Барманқұлов бағдарлаған мәселелерді қазақ журналистикасының өрісінен өрбітіп, оны ғылыми және тәжірибелік ізденістері арқылы байытып келе

Декан жұмыс үстінде

Ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыс жөнінде кеңес

Оқу жұмысы, әдістемелік және тәрбие жұмыстары жасалуда

Мерзімді баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы шетелде іссапарда

Баспа ісі және дизайн кафедрасы “Болашақ баспагер-редактор” байқауын өткізуде

ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы кезекті конференцияда

М. Ломоносов атындағы ММУ-нің профессоры Я. Засурскиймен кездесу

Профессор А.Ф. Мархабаевтың 75-жылдық мерейтойында

Студенттер радиохабар дайындау үстінде

Студенттер телехабар дайындауда

жатқан ғалымдар қатарында доценттер К. Қабылғазина, Ж. Әбдіжәділқызы, Қ. Әбжанов, Ә. Молдабеков, С.Нұрбеков, М. Арғынбаева, А.В. Рожков, С.Н. Велитченко т.б. атауға болады. Жалпы қазіргі кезде Қазақ ұлтттық университетінің даңқын жайған атақты ғалымдар қалыптастырған мектептердегі ізбасарлар өз бағыт-бағдарын жаңа заман талабына сай жаңғыртып, жаңартып одан әрі дамыту үстінде.

Бүгінде факультетте 2011 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зерттеу университетіне өту, ғылыми зерттеулерді дамытуды оңтайландыруға байланысты университеттік инфрақұрылымдарды ірілендірудің нәтижесінде бұрынғы шағын-шағын 7 кафедраның орнына кеңейтілген үш кафедра: Баспасөз және электрондық БАҚ (кафедра меңгерушісі: с.ғ.д., профессор Гүлмира Сұлтанбаева), ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс(кафедра меңгерушісі: ф.ғ.д., профессор Назгүл Шыңғысова), Баспа ісі және дизайн (кафедра меңгерушісі: ф.ғ.к., доцент Сағатбек Медеубек) және М. Барманқұлов атындағы теле-радиокешені құрылды (директоры: ф.ғ.к., доцент М. Абдраев).

Қазіргі кезеңде Қазақ ұлттық университеті Қазақстанда алғашқы болып Кембридж, Оксфорд оқу бағдармаларына сәйкес келетін эксперименттік оқу бағдармаларына көшіп отыр. Осыған орай Болон үдерісіне сәйкес «Журналистика» мамандығы бойынша үш сатылы білім беру бағдарламалары білім алушыға жеке білім беру траекториясы құзіреттілігі бойынша жаңадан қаралып, студенттің белгілі бір сала бойынша маманданып шығуына қарай орайластырып жасалды. Журналистика мамандығы бойынша мамандану тележурналистика, радиожурналистика, фотожурналистика, Интернет-журналистика салаланған білім беру бағдарламалары оқу үдерісіне енгізілді.

Былтырғы оқу жылына талапкерлерді қабылдауда нәтижелі болғанын атап өтуге болады. Республика бойынша журналистика мамандығына бөлінген 90 (қазақ бөліміне-45, орыс бөліміне-45) мемлекеттік гранттың жартысына жуығын біз алдық. Республика бойынша журналистер 14 оқу орнында дайындалатынын ескерсек, мұны да жетістігіміздің біріне санаймыз. Оның ішінде қазақ бөліміне грантқа түскен 20 баланың арасында 7 алтын белгі иегері, 2 үздік оқушы, 4 түрлі олимпиада мен ғылыми жобалар жеңімпаздары бар. Бұл журналистика факультетіне қабылдауда көптен бері кездеспеген жайт.

Факультет кешегі К. Қазыбаев, К. Сейтжанов, С. Байжанов, Б. Қыдырбекұлы, С. Бердіқұлов, А. Сейдімбек

Факультет ұжымы Наурыз мерекесінде

т.б.түлектері мен бүгінгі қазақ журналистикасы мен ақпараттық өрісінің өркен жаюына өлшеусіз үлес қосып жүрген М. Құл-Мұхаммед, С. Абдрахманов, Ж. Аупбаев, Н. Мұхаметжанова, Ж. Кенжалин, А. Әлім, Н. Жүсіп, Ш. Паттеев, Ж. С. Ибраим, М. Тоқашбаев, С. Жанболат, Е. Бекхожин, А. Байтасов т.б. қалай мақтан тұтса, ертеңгі мақтан тұтарлар осынау жас талаптардан шығарына күмән жоқ.

Жалпы білім беру мен бәсекеге қабілетті маман дайындаудың алғы шарты оқытушы мен үйретушіге тығыз байланысты дейтін болсақ, бүгінгі күнде факультетте 10-нан астам ғылым-докторы, 30-ға таяу ғылым кандидаты еңбек етеді.

Бүгінде жалпы «Журналистика» мамандығы бойынша 30-дан астам бұқаралық ақпарат құралдарымен келісім шарт жасалса, біздің студенттер бірінші курстан бастап практикалық тәжірибесін аталмыш орындарда, келісімшарттар бойынша өткізуде. Факультетте жыл сайын жас журналистердің Республикалық байқауы өткізіліп тұрады. Журналистика мамандығын таңдайтын талапкерлермен жұмыс Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының кәсіби бағдарлау жұмысының басты мақсаты.

Факультет «Қоғаммен байланыс» мамандығында білім алушылар үшін 40 таяу баспасөз клубтары, мелекеттік мекемелер мен кәсіп орындар баспасөз қызметі мен ЖШС баспасөз орталықтарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен келісім шарттар жасап, студенттердің тәжірибеден өтуіне мол мүмкіндіктер тудырып отыр.

«Баспа ісі» және «Дизайн» мамандығы бойынша студенттерге білім беру 1998 жылы елімізде тұңғыш рет дүниеге келді. Осы уақытқа дейін аралықта оқыту мен тәжірбені жетілдіру жолында біршама оңтайлы істер жүзеге асырылды. Баспа ісі мамандығы бойынша ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды, онда жапон, поляк баспагерлері дәріс оқып, шетелдік жаңа технологиялар арқылы тәжірибелік сабақтар өткізуде.

ҚазҰУ-ге жыл сайын 150-ден астам атақты ғалымдар келіп дәріс оқитын болса, соңғы үш жылда біздің факультетте 30-дан астам шет елдік ғалым-профессорлар дәріс оқыды. Академия-лық ұтқырлық бағдарламасы бойынша факуль-теттің 20-дан астам студенті АҚШ, Польша, Түркия, Испания, Португалия елдерінде бір семестр білім алды. Қорыта айтқанда, факультет ұжымы ардың ісін арқалайтын азаматтар тәрбиелеу – ар-ұждан-ның ісі екенін азаматтық болмысымен түсінетіндігіне сенімім мол.

Біздің студенттер әскери мерекеде

Ұстаздар баспасөз клубында

Студенттер пікірсайыс клубында

Ұстаздар мен студенттер спорт шараларында